

## **Ақбақай аймағы мен Васильков алтын рудасы кен орындарын игеру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 9 қазан N 1429

Алтын өндірісін ұлғайту және Ақбақай руда даласы мен Васильков кен орнының елеуетін тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен:

лицензиялық шарттардың орындалмауына және жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарының жасалмауына байланысты "Балқаш" тау-кен компаниясынан Бескемпір, Ақсақал кен орындарына арналған, "Васильков КБК" акционерлік қоғамынан - Васильков кен орнына арналған және "Думан-Шуақ" бірлескен кәсіпорнынан - Светинское және Думан-Шуақ кен орындарына арналған лицензияларды қайтып алсын;

"Алтыналмас АК" акционерлік қоғамына Жамбыл облысының Ақбақай аймағының Бескемпір, Ақсақал, Светинское және Думан-Шуақ кен орындары, сондай-ақ Көкшетау облысының Васильков кен орны алтын рудасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияларды беру туралы қажетті материалдарды әзірлесін және Үкіметке енгізісін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

белгіленген тәртіппен Жамбыл облысы "Ақбақай КБК" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін "Алтыналмас АК" акционерлік қоғамына басқаруға берсін;

"Васильков КБК" және "Ақбақай КБК" акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері басқарушы компанияның кен орындарын игеруіне салынған инвестициялық қаражат қайтарылғанға дейін жекешелендірілмесін.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Ақбақай кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 1241

Р961241\_

қаулысы;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 26 ақпандағы N 45

R970045\_

өкімі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК